



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

24 СӘУІР 2024

24 APRIL 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

Астана, 2024

Astana, 2024

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-337-997-5

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Мақыш С.Б.	- Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Бейсенбай А.Б.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Алшинбаева Ж.К.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Киманова Л.Б.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Ныгманова Д.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы
Акшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Варшава университеті Қолданбалы лингвистика институты (Варшава қ., Польша)
- Атылым университеті (Анкара қ., Түркия)
- Әзірбайжан тілдер университеті (Баку қ., Әзірбайжан)
- Қоқан мемлекеттік педагогикалық институты (Қоқан қ., Өзбекстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Institute of Applied Linguistics of the University of Warsaw (Warsaw, Poland)
- Atylym University (Ankara, Turkey)
- Azerbaijan University of Languages (Baku, Azerbaijan)
- Kokand State Pedagogical Institute (Kokand, Uzbekistan)

Партнеры международной научно – практической конференции

- Люблянский университет (г.Любляна, Словения)
- Институт прикладной лингвистики Университета Варшава (г.Варшава, Польша)
- Университет Атылым (г.Анкара, Турция)
- Азербайджанский университет языков (г.Баку, Азербайджан)
- Кокандский государственный педагогический институт (г.Коканд, Узбекистан)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 312 – қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде

ISBN 978-601-337-997-5

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция барысында аударма, тіл және мәдениет, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникация саласындағы зерттеулерді дамытуға байланысты маңызды мәселелер талқыланды. Конференция цифрлық дәуір жағдайында аударма және мәдениетаралық коммуникация саласындағы ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибені ілгерілетуге ықпал ете отырып, халықаралық ғылыми және академиялық ынтымақтастықты, кәсіби байланыстарды орнату және нығайту мақсатында тәжірибе және білім алмасу үшін бірегей мүмкіндік берді.

Сборник материалов международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»** предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. В ходе конференции обсуждались важнейшие вопросы, связанные с развитием исследований в области перевода, языка и культуры, а также межкультурной коммуникации. Конференция предоставила уникальную возможность для обмена опытом и знаниями в целях установления и укрепления международного научного и академического сотрудничества, профессиональных контактов, способствуя продвижению научных исследований и практического опыта в области перевода и межкультурной коммуникации в условиях цифровой эпохи.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translation practitioners, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. During the conference, the most important issues related to the development of research in the field of translation, language and culture, as well as intercultural communication were discussed. The conference provided a unique opportunity for the exchange of experience and knowledge in order to establish and strengthen international scientific and academic cooperation, professional contacts, contributing to the promotion of scientific research and practical experience in the field of translation and intercultural communication in the digital age.

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2024

© L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2024

© Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2024

деятельностью взрослых людей (нормативный язык) [8, стр. 143]. Переводчики кинофильма пытались сохранить эмоциональную окраску, поэтому содержание исходного текста и текста перевода могут сильно отличаться [9, стр. 110]. Таким образом, становится ясно что речь детей в диалоге передает не только информацию, но и ценности, убеждения и культурные нормы в обществе.

Список литературы

1. Редкозубова, Е. А. Сленг в современном коммуникативном пространстве. // Е. А. Редкозубова / Ростов н/Д: АкадемЛит, 2012. — 148 с.
2. Лингвистический энциклопедический словарь / гл. ред. В.Н. Ярцева. М.: Советская энциклопедия, 1990.
3. Солодуб Ю.П., Альбрехт Ф.Б. Современный русский язык. Лексика и фразеология (сопоставительный аспект), М.: Флинта: Наука, 2003. – 264 с., с.158-159
4. Маковский, М. М. Английские социальные диалекты. — М.: Высшая школа, 1982. — 135 с.
5. Григорова, Н. В. Жаргон, арго и сленг: проблемы разграничения / Н. В. Григорова. — Текст: непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 38 (380). — С. 60-62. — URL: <https://moluch.ru/archive/380/84069/> (дата обращения: 14.04.2024).
6. Беляева, Т.М., Хомяков В. А. Нестандартная лексика английского языка. Л.: Изд-во ЛГУ, 1985. — 136 с.
7. Фазлыева З.Х. Место молодежного жаргона в системе русского языка // Litera. 2020. № 4. С. 37-45. DOI: 10.25136/2409-8698.2020.4.30799 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=30799
8. Гаврисенко Н.В. Обучение младших школьников выразительности устной речи. Начальная школа. - 2008.- №2- С.14-16.
9. Райс К. Классификация текстов и методы перевода// Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. М., 1978. 203 с.

ГТАХР 16.31.41

АУДАРМА ІСІ

***Ш. Шайзанда¹, Г.А. Муратова²**

магистрант¹, ф.ғ.д., профессор²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

* shaizanda.sh@mail.ru

Аңдатпа. “Аударма” – көпмағыналы сөз. Ол, біріншіден, бір тілді екінші бір тілде сөйлету үрдісін білдірсе, екіншіден, осы тілде айтылғанның/жазылғанның келесі тілге қалай жеткенін, яғни іс-әрекеттің нәтижесін, өнімін білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде аударманың аталмыш бұл екі сипатын бөліп қарау бар. Бұл, біздің ойымызша, дұрыс емес сияқты, өйткені, ең алдымен, бұл екі ұғым (үрдіс пен оның өнімі) әрдайым өзара тығыз қатыста, ажыратуы қиын байланыста болады: үрдісі десек, оның нәтижесі алдын-ала өзінен-өзі ұйғарылып отырады. Егер аудару іс-әрекетінің кезеңдері мен жекелеген сәттері белгілі болса, оның өту барысының сипаты арқылы түпкі нәтиже болатын тілдік туындының белгілі бір ерекшеліктерін түсіндіруге болады. Не болмаса, керісінше, аударудың нәтижесіндегі өнім мен түпнұсқа мәтіннің байланыстарының ерекшеліктеріне сүйеніп, аудару үрдісінің мәтіннің байланыстарының ерекшеліктеріне сүйеніп аудару үдерісінің қозғалысы, қалай өткерілгені туралы ұйғарым-тұжырымдар жасауға болады.

Түйін сөздер: аударма, тіл, аудармашы, сөз.

Аннотация. "Перевод" - многозначное слово. Он выражает, во-первых, тенденцию говорить на одном языке на другом, а во-вторых, то, как то, что говорится/написано на этом языке, достигло следующего языка, то есть результата, продукта действия. В научной литературе выделяют эти два характера перевода. Это, на наш взгляд, кажется

неправильным, потому что, прежде всего, эти два понятия (тенденция и ее продукт) всегда находятся в тесной взаимосвязи, в трудной для различения связи: когда мы говорим о тенденции, то ее результат заранее предсказуем. Если известны этапы и отдельные моменты переводческой деятельности, то через характер ее прохождения можно объяснить определенные особенности языкового произведения, конечным результатом которого является. Либо, наоборот, исходя из особенностей связей продукта и исходного текста в результате перевода, можно сделать предписания-выводы о движении процесса перевода, о том, как он прошел, опираясь на особенности связей текста процесса перевода.

Ключевые слова: перевод, язык, переводчик, слово.

Abstract. "Translation" is a polynomial word. It refers, firstly, to the process of speaking one language in another, and secondly, to how what is said/written in this language has reached the next language, that is, the result, the product of actions. In the scientific literature, there is a distinction between these two characteristics of translation. This, in our opinion, does not seem to be true, because, first of all, these two concepts (the process and its product) are always closely related, in a difficult relationship to distinguish: if we say a process, then its result is predetermined by itself. If the stages and individual moments of the translation activity are known, it is possible to explain certain features of the language creation, the end result of which is the nature of the course of its passage. Or, on the contrary, based on the features of the links of the product and the original text as a result of translation, it is possible to draw conclusions about the movement of the translation process, how it was carried out, based on the features of the links of the text of the translation process.

Keywords: translation, language, translator, word.

Аударма теориясының объектісі – аударма, ал міндеті – аударма практикасында өмір сүріп отырған әртүрлі құбылыстарды реттеп, сұрыптап жинақтай отырып, оларды практикаға жетекшілік ете алатын теория деңгейіне көтеру. Ал, аудармашылар болса, осы теория негізінде, практика барысында кездесетін әр түрлі нақтылы мәселелерді жан-жақты дұрыс шешуі қажет. Аударма теориясы үздіксіз кемелденіп отырады. Түп-төркіні аударма практикасынан келіп шыққан аударма теориясы процесіне жетекшілік ету барысында тағы да үздіксіз жетіліп, толықтанып, дамып отырады. Бүгінге дейінгі аударма теориясының жетіп отырған деңгейінің дәуірлік шектемелігі бар деуіміз де сондықтан, Аударма дегеніміз екі тілге қатысты әрекет болғандықтан аударма теориясын зерттеу жұмысы да сол тілдердің тұлғасына тығыз байланысты болады. Екі тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін қатар қарастырады.

Аударма-адам қызметінің байырғы түрлерінің бірі. Адамзат тарихында бір-бірінен тілінің бөліктігіне қарай топтасқан адамдар қауымдастығы құралысымен-ақ әртүрлі тілді қауымның, топтың өзара түсінісіп, тілдесуіне дәнекер болатын “қос тілді” адамдар-тілмаштар пайда болған. Халық тіршілігінде жазу-сызу қалыптасқан соң сөйлеушіге ілесе, қосарласа отырып, ауызша аударатын тілмаштар легіне аударуды жазбаша түрде жүзеге асыратын тәржімашылар қатары қосылды. Жазба аудару қалыптасқан тұстан бастап-ақ тәржімә халықтың мәдени-қоғамдық өмірінің алуан тіршілігімен қатар өріліп, біте қайнасып жататын күрделі құбылысқа айналды.

Аударма-күрделі көп қырлы құбылыс. Оның жекелеген аспектілері түрлі ғылыми зерттеулерге арқау болар еді. Бұл-адамзат қызметінің ежелгі түрі. Басынан бастап маңызды әлеуметтік функцияны атқарып, тіл аралық қатынасты мүмкін етті. Қазіргі кезде сот отырысы, нотариустың қатысуымен құжаттарға қол қою сияқты маңызды іс-шараларға ауызша аудармашының қатысуы іскерлік өмірімізде ажырамас бөлікке айналды.

Аударма-халықтың рухани қызметінің, мәдени өмірінің бір саласы, халықтардың арасында үзілмейтін үрдістердің бірі. Оның тұтастай алғанда әлем әдебиетіндегі, жекелеген халықтардың мәдениетіндегі рөлі айрықша маңызды. Осы ғасырда өркениетті елдердің

барлығында да аударма жұмысымен шұғылдану өте-мөте белсенділік танытып отыр, Еуропа зиялы қауымның бүгінгі дәуірді “аударма ғасыры” деп аталуында мән бар, себебі нақ сол ой-санасы жоғары қауым бұл арнаны жер бетіндегі күллі ұлттармен ұлыстардың келісім-татулығын, бейбіт қарым-қатынастарын қалыптастыруға сүйеу бола алатын басты тіректердің бірі деп таниды. [1].

Аудармада да, тіл сияқты, “адамдар қарым-қатынастың аса маңызды құралы”. Осы маңыздылығына байланысты түпнұсқадағы ойды басқа тілде толыққанды, айқын жеткізу қажеттігі туады, аударма тілдің түпнұсқа тілінің қалыптарына сәйкестенуі, ыңғайлануы келіп шығады. Бұл – аударманың түсінікті болуының негізгі шарты.

Аударманың ең жиі талап етілетін түрлерінің бірі-ауызша аударма.

Ауызша аударма-түпнұсқа мен оның аудармасы тіркелмеген нысанда аудару процесінде туындайтын түрі.

Аудармашының түпнұсқаны акустикалық нысанда (есту арқылы) қабылдап, оны ауызша нысанда өз аудармасы арқылы айтылатын аударма ауызша аударманың классикалық үлгісі болып табылады. Ауызша аударманың шағын екі түрі бар: ілеспе аударма және кезекті аударма.

Кезекті аударма- бұл ауызша дәйекті аудару тәсілі. Аудармашы шешеннің барлық сөзді немесе жартысын аяқтап, сөйлеуді доғаруынан кейін аударма бастайды. Ауызша кезекті аудару кезінде аудармашының іс-әрекеті шешеннің сөйлеу қарқынындағы уақытпен қатаң шектеледі. Мұндай кезекті аударма аудармашыға шешеннің айтқандарын талдауға және керекті сөздерді таңдауға аз уақыт береді. Түпнұсқа үзінділерінен қабылдаудың біржақтылығы оны орындағаннан кейін аударманы кейіннен салыстыруға немесе түзетуге, анықтамалық әдебиеттерді қарауға мүмкіндік бермейді.

Кезекті аударманың қарабайыр нұсқасын желілік деп атауға болады және көбінесе қасында ілесіп жүргенде әрі экскурсияларда пайдаланылады.

Сөйлеушінің сөздері әрқашан қысқа бола бермейді. Осындай жағдайларда жазу техникасын білу қажет болады.

Аудармашы үшін аса күрделі тұстарды, сондай-ақ цифрларды, күндерді, есімдер мен атауларды аңғарып, жазбаша тез жазып ала білуі өте маңызды. Әдетте аудармашылар кезекті аударуды хаттамалық іс-шараларға қатысу кезінде, делегацияларға ілесіп жүргенде, іскерлік келіссөздерге қызмет көрсеткенде қолданады.

Ауызша аударма-аудару үшін аудармашыға қажетті сөйлеушінің сөздерін үзіліспен аудару. Бұл үзілістер көп емес. Аудармашы сөз сөйлеген уақытқа аударманы құрастырып, үзіліс уақытында оны орындайды. Ауызша кезекті аударма кезінде аудармашының аудару дайындығы өте жоғары болуы тиіс және арнайы дайындықты талап етеді. Бірақ ілеспе аудармаға қарағанда сонша ұзақ емес. Ауызша аудармашылар тақырыптық салаларға мамандалады. Аударманың осы түрі қозғалыс кезінде, аралау барысында (құрылыс объектілеріне жұмыс істеуде, экскурсия жасауда) шағын келіссөздерде өте тиімді.

Кезекті аударма-оны тыңдағаннан кейін мәтінді ауызша аудару. Кезекті аударманы жазумен, абзацты-фразаны аударумен, біржақты, екі жақты аударумен ажыратады.

Алайда кезекті аударманың өз кемшіліктері де бар. Біріншіден, өте көп уақыт алады. Екіншіден, сөйлеушінің сөзі мен оның аудармасы аралығында уақыт көп болғандықтан, соңғысында қатерлерге көбірек жол беріледі.

Ілеспе аударма-ауызша аударманың ерекше түрі. Бұл ретте аудармашы сөйлеушінің сөзімен бір мезгілде аударманы, яғни негізгі мәтінді есту арқылы жүзеге асырады. Ілеспе аударма парақтан аударуды да білдіреді (жазбаша мәтінді оны қабылдау процесінде және алдын ала оқымастан ауызша аудару).

Сөйлеушіге аудармашының аударып үлгеруі үшін мағыналық топтар арасында үзіліс жасауының қажеті жоқ. Сондықтан баяндама, хабарлама үзіліссіз айтылады. Бұл аудитория тыңдаушыларының назарын ұстап тұруға, оны сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге тілді білмейтін мырзалардан бұрын баяндамашының тілін түсіндіреді, елең еткізетін, күлкілі және тіпті келеңсіз оқиғаларды болдырмайды.

Глоссе аударма-аударманың барлық түрлерінің ең күрделісі және қиыны да, жауапты екендігі күмәнсіз. Осыған қарағанда аударманың әр-түрі түрлі қабілеттер мен мінезді талап етеді. Ауызша аудармашы жинақтала білуге тиіс: оның міндеті ақпаратты осы жерде және қазір барынша толық жеткізу. Оның сөздіктерді ақтаруға, мамандармен кеңесуге мүмкіндігі жоқ. Ол жоқтан бар жасауы тиіс. Ауызша аудармашыға қандай қасиеттер қажет: тапқырлық, дұрыс ақыл-ой және жалпы эрудиция көмегімен өз біліміндегі олқылықтарды еңсере білу. Барлық ақпаратты тыңдаушыларға қиналмай жеткізу үшін артистизм де, баяндамашыға айнала білу де қажет. [2].

Аударма қандай қоғамдық қажеттілікті өтейді дейтін сұрауға көп ойланбай-ақ меңгерген ортақ тілі жоқ адамдар арасында тұрақты түрде үзіліссіз туып отыратын қарым-қатынас қажеттілігін қанағаттандырады деп жауап беруге болатын еді. Алайда бұл үстірт жауап бізді қанағаттандырмаса керек.

Тікелей және жанама аударма

Жалпы алғанда аудармашы ұстанатын екі аударма жолын белгілеуге болатынын атап өтейік: тікелей немесе сөзбе-сөз аударма және жанама (тікелей емес) аударма.

Шынында да, бастапқы тілдегі хабар аударма тілдегі хабарға тамаша аударылатын жағдай болуы мүмкін, себебі ол параллельді категорияларға (құрылымдық параллелизм) немесе параллель ұғымдарға (металингвистикалық параллелизм) негізделген. Бірақ аудармашы аударма тілінде екі хабардың жалпы әсерінің бірдей болуын қамтамасыз ету үшін балама құралдармен толтырылуы керек «алшақтық» бар екенін мойындауы мүмкін. Сондай-ақ құрылымдық немесе металингвистикалық ерекшеліктерге байланысты кейбір стильдік әсерлерді элементтердің немесе тіпті лексикалық бірліктердің ретін белгілі бір дәрежеде өзгертпестен аударма тілде жеткізу мүмкін емес болуы ықтимал. Екінші жағдайда, бір қарағанда таң қалдыруы мүмкін, бірақ эквиваленттілікке қол жеткізуді қатаң бақылау үшін оның барысын бақылауға болатын күрделі әдістерге жүгіну керек екені анық. Бұл жанама (тікелей емес) аударма әдістері. Кірме сөздер, калькалау және сөзбе-сөз аударма тікелей аударма әдістері болып табылады. Қалғандары жанама аударма әдістеріне жатады.

Кірме сөздер

Аударманың ең қарапайым әдісі – әдетте металингвистикалық сипаттағы (жаңа технология, белгісіз ұғымдар) олқылықты толтыруға мүмкіндік беретін кірме сөздер. Кірме сөздер номинация үрдісі тұрғысынан да, мотивация тұрғысынан да сөздіктің ерекше қабатын құрайды [3, 202 б.]. Тілдік байланыстар мен басқа лингвистикалық қоғамдардың ықпалымен кенею нәтижесінде туындайтын номинация қажеттіліктеріне ықтимал жауаптардың бірі бола отырып, олар сөйлеуді тудырған кезде тілдік күш-жігердің белгілі бір экономикасын білдіреді, өйткені шет тілінің дайын бірліктері бар, және белгілі бір тілде пайда болған номинативті олқылықтарды толтыру үшін қолданылады. Сонымен қатар, олар алынған тілде болған бұрынғы ассоциативті байланыстардың жоғалуы тілдегі қабылданатын сөздерге тән болуы мүмкін уәждеме көзінің жоғалуына әкеп соғады. Бұл сөйлеуді қабылдау процесінде олардың мағынасын тануда айтарлықтай қиындықтар тудырады.

Кірме сөздер бір тілдің элементтерін екінші тілде қолдану процесі ретінде тілдік белгінің қарама-қайшылықты сипатына байланысты: оның Кірме сөздерға мүмкіндік беретін күш ретіндегі озбырлығы және кірме сөздерды болдырмайтын фактор ретіндегі еріксіздігі. Бұл, шамасы, қазіргі ағылшын тілінде, сондай-ақ қазақ тілінде, қолда бар деректерге қарағанда, кірме сөздер үрдісінің өте өнімсіз екенін түсіндіреді. Сандық жағынан ол сөзжасам және мағыналық туынды (сөзжасам) сияқты номинация процестерінен айтарлықтай төмен. Алайда, жоғарыда айтылғандар қазіргі ағылшын тілінде кірме сөздер үлесі соншалықты үлкен емес дегенді білдірмейді. Әлемнің 50-ге жуық тілінен алынған лексикалық бірліктер ағылшын тілінің сөздік қорының 75% дерлік құрайды және әртүрлі тарихи дәуірлерде және әртүрлі даму мен өмір сүру жағдайларының әсерінен алынған сөздік қабаттарын қамтиды. Оларға тарихи, географиялық, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа жағдайлар жатады.

Тілдердің ұзақ тарихи өзара әрекеттесуінің нәтижесі бола отырып, процесс ретінде кірме сөздер және осы процестің нәтижесінде кірме сөздер тіл тарихы үшін маңызды қызығушылық тудырады, оның аясында тек қана қабылдану себептері ғана емес, сонымен қатар олардың бастапқы тілдері де алады. егжей-тегжейлі қамту. Кірме сөздердің жолдары, формалары мен түрлері, сондай-ақ қабылданған сөздің жаңа тілдік ортада болатын трансформациялары да назар аударарлық. Кірме сөздер, ең алдымен, белгілі бір тілдің сөздік құрамының жүйелік құрылымына тигізетін әсерімен, сондай-ақ бірқатар генетикалық белгілер сақталған жағдайда, оны қабылдаған тілдегі ерекше мәртебесімен қызықты.

Бұл әсер алу процесі тек жеке бірліктерді ғана емес, бастапқы тілде белгілі бір қарым-қатынастар болған сөздердің тұтас топтарын қамтитын кезде айқын көрінеді.

Ағылшын тіліндегі кірме сөздердің едәуір бөлігі бастапқы тілде генетикалық туынды болып табылады және құрылымдық-семантикалық тәуелділікпен және дедукциялықпен сипатталады. Мұндай сөзжасамдық жұптардың екі мүшесі де қабылданатын болса, олардың арасындағы туынды қатынас жалғау тілінде сақталады. Мысалы:

gloss – глосса; glossary – глоссарий, сөздік; dynasty – династия, dynastic – династикалық және т.б.

Ағылшын тіліндегі кірме сөздердің топтық сипатын ескере отырып, қарапайым және туынды сөздердің ішкі жүйесін толықтыру ғана ескерілмейді. Күрделілігін ағылшын тілінде сөйлейтіндер жақсы сезінетін морфологиялық тұрғыдан ерекшеленген бірліктердің айтарлықтай саны пайда болады. Соның нәтижесінде сөзжасамның жаңа үлгілері қалыптасады. Сөйтіп, ағылшын тіліндегі морфемалардың құрамы да, сөзжасамдық (деривациялық) мүмкіндіктері де айтарлықтай кеңейеді.

Тілдегі жаңа енген сөздер ерекше қызықты. Көптеген кірме сөздер өздері енген жүйенің әсерінен айтарлықтай фонетикалық, грамматикалық және тіпті семантикалық өзгерістерге ұшырайды, сәйкесінше осы жүйенің фонетикалық, грамматикалық және семантикалық заңдарына бейімделеді.

Аудармашыны ең алдымен жаңа кірме сөздер, тіпті жеке сипаттағы кірме сөздер қызықтырады. Айта кету керек, кірме сөздер көбінесе аударма арқылы тілге енеді, олардың арасында семантикалық кірме сөздер немесе «аудармашының жалған достары» бар, оларға ерекше сақ болу керек. [4, 5 б.],

Қорытынды.

Аударма ісі - бұл аударма мәселелерін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін, оның теориялық негіздерін - жалпы және жеке ерекшеліктерін, аударма процесінің әдіснамасы мен техникасын, қалыптасуын, аударма дағдылары мен ақпаратты бір тілден екінші тілге ауызша және жазбаша түрде беру дағдыларын зерттейтін процесс.

Осылайша, аударма ғылымының негізгі ерекшелігі-қарым-қатынас процесі (ауызша және/немесе жазбаша) екі тілдің көмегімен жүзеге асырылатын екі тілді жағдайда сөйлеуді зерттеу.

Аударма адамның рухани іс-әрекетінің түрі ретінде ежелгі дәуірден басталады. Ол әрқашан жеке халықтар мәдениеті мен жалпы әлемдік мәдениеттің тарихында маңызды рөл атқарды. Біздің уақытымызда - 20 ғасырдың ортасынан бастап (Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін) аударма қызметі өзінің барлық түрлерінде бұрын-соңды болмаған ауқымды халықаралық байланыстардың қарқындылығы арқасында кеңейе түсті.

«Аударма» сөзі жалпыға бірдей түсінікті сөздердің бірі болып табылады, бірақ ол адам қызметінің ерекше түрін және оның нәтижесін белгілеу ретінде нақтылау мен терминологиялық анықтаманы қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер

1. <https://malimeter.kz/audarma-tildik-zhane-madenietaralyk-karym-katynas-kuraly/>
2. <https://stud.baribar.kz/1157/audarma-salasy-til-mamandyghyndaghy-s/>

3. Хорохорин Л.Г. Некоторые замечания о многозначности и недифференцированности слов в двуязычных словарях// Тетради переводчика. - Вып. 2. - М.: Международные отношения, 1964. - С. 91-99.
4. Бархударов Л. С. Язык и перевод. -М.: МО. 1975

ҒТАХР 16.21.33

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ *WHITE* СӨЗІНЕ ҚАТЫСТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

А. Шмирова

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана, Қазақстан

ayaulym.shimirova@mail.ru

Түр-түс ежелгі уақыттан адам өмірінің ажырамас бір бөлігі іспеттес. Түстер арқылы адам қоршаған ортасымен танысып, байланыс орнатады. Әлемде кездесетін түстерді барлық адам бірдей көреді, дегенмен де олардың тілдегі сипаты әр халықта, әр мәдениетте әртүрлі берілуі мүмкін.

Түр-түс символикасының мәдениеттегі сипаты, оның тілдегі деңгейі әр тілде өзгеше болып келеді. Халық тілі, сол халықтың таным жүйесінің айнасы іспеттес, олардың ұлттық болмысын танытады. Осы орайда, В.Гумбольдтың «Тіл – адамзаттың бүтін болмысын және оның танымын танытатын рухани айнасы» деген пайымдауы [1] ойымызды нақтылай түседі. Бұл дегеніміз, тілді – жай ғана сөйлесу құралы емес, ұлттың мәдениет коды тәрізді қарастыру деп білеміз. Секілді – ауызекі с.т.

Когнитивті лингвистиканың өкілдері, «Егер әлем – адам мен оның қоршаған ортамен өзара іс- әрекеті болса, онда әлемнің тілдік бейнесі – адамның өмір сүріп жатқан ортасы мен қоғамындағы ақпараттарды қорытындылаудан туындайды» дейді [2].

Шетел және отандық тіл білімінде түр-түске қатысты тілдік бірліктер жан-жақты зерттеліп, көптеген еңбектер жарық көрді. Түр-түске қатысты бірліктердің лингвистикалық жағынан зерттелуіне байланысты А.Н.Кононовтың «Түркі тілдерінің түр-түстерінің семантикасы», М.Купер, А.Мэтьюздің «Түс тілдерін қалай түсінеміз»; Р.М. Фрумкинаның «Түс. Мағына. Ұқсастық» атты еңбектерін атап көрсетуге болады.

Қазақ тіліндегі түр-түстерге қатысты сөздер мен сөз тіркестері Ә.Қайдар, Б.Өмірбеков, З.Ахтамбердиева сынды ғалымдардың бастауымен жарық көрген «Сырға толы түр мен түс», «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» деген еңбектерінде кеңінен тарта түсіндіргенін көруге болады. Ғалымдар өз еңбектерінде түстерді тек физикалық тұрғысынан ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар оған жүйелік құрылымды түрде тілдік талдау жасаған.

Сондай-ақ, А.Әбдірахманов, А.Махмутов, Е.Қойшыбаев сынды ғалымдардың еңбектерінде түр-түске қатысты тілдік бірліктердің топонимиялық атауларда кездесуін және тілде қалыптасуын, оның этимологиясын қарастырған. Ал, Ш.Жарқынбекованың «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты диссертациялық жұмысында орыс және қазақ тілдеріндегі түр-түсті сипаттайтын тіл бірліктерінің мәдени және жалпы белгілерін, лингвомәдени сипатын салғастыра қарастырған. Н.Н.Аитованың «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» атты еңбегінде түр-түске қатысты тіл бірліктері когнитивтік семантика тұрғысынан қаралған.

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі *white* сөзінің және онымен тіркесіп келген сөз тіркестерінің аудармада берілуі қарастырылмақ. Мақаладағы тілдік бірліктер Шарлотта Бронтең «Джейн Эйр» романынан іріктеліп алынды. Қазақ және ағылшын тіліндегі түр-түске қатысты тілдік бірліктердің салғастырмалы және аударматану тұрғысынан зерттелмеуі, аударма барысында кейбір түске қатысты бірліктердің бұрыс аударылуы не түсіріліп берілуі осы бағыттағы зерттеудің қажеттілігін және тақырыптың өзектілігін көрсетеді.